№1 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

«03» қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: 18 педагог

Күн тәртібінде:

1. Жоспарлар құру мен бекіту

Әдіскер: Б.Қ. Әжімұрат

1. Педагогтарды ЖМББС мен ОЖЖ өзгерістер мен толықтырулармен таныстыру

Әдіскер: Б.Қ. Әжімұрат

2. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы бақылау диагностикасының нәтижелерін бақылау парағын талқылау мен түсіндіру

Әдіскер: Б.Қ. Әжімұрат

3. Балалардың өмірі мен денсаулығын ұйымдастырудың циклограммасын толтыруды көрсету

Әдіскер: Б.Қ. Әжімұрат

4. Аттестаттау комиссиясының №1 отырысы

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша әдіскер Б.Қ. Әжімұрат сөз алып, әдістемелік кеңес, ПМПК отырысының, №10 МГ мен №23 балабақшаның сабақтастығының, жылдық семинардың жоспарыларын бекітуге ұсынды. Барлық жоспарлар слайд түрінде көрсетіліп, түсіндірілді. Дауысқа салынғаннан кейін бәрі бір ауыздан бекітілді.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша әдіскер Б.Қ. Әжімұрат өз сөзінде білім беру үдерістерін дамытудың заманауи үрдістерін ескере отырып, педагогтар жан-жақты және ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру қажеттілігінің алдына қойылғанын атап өтті. Біздің мектепке дейінгі мекеменің педагогтары мектепке дейінгі балалармен тәрбие-білім беру жұмысында инновациялық технологияларды қолдануды қолдайды. Тұтас білім беру процесі баланың тіршілік әрекетін барлық ұйымдастыруды және оның тұлғалық қасиеттерін рефлексивтік негізде дамытуды ескеретін жүйені іске асыруға бағытталған. "Біз қазіргі жағдайда білім беру қоғамдық өзгерістерге сәйкес ғана емес, инновациялық процестерге серпін беру керектігін түсінеміз". Одан әрі ол педагогтарды МЖМБС және ҮОЖ бойынша өзгерістер мен толықтырулармен таныстырылып, педагогтар арасында талқыланып түсіндірілді.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша әдіскерлер Б.Қ. Әжімұрат мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы бақылау диагностикасының нәтижелерін қорытып, салыстырды. Тәрбиешілерге балалардың бәріне жеке бақылау парағын EXL түрінде толтыру керектігі ескертілді және төмен деңгейдегі баламен циклограммада жеке жұмыстар ұйымдастыруды жоспарлау керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ бойынша әдіскер Б.Қ. Әжімұрат

Жас мамандарға ҰІӘ жұмысын қалай ұйымдастыру керектігін және жоспар құралатындығын айтып түсіндірді. Жас мамандар:

- Музыка жетекшісі Т.А. Тлеубергенқызына Г.А. Азизова тәлімгерлік ретінде тағайындалды.

Күн тәртібіндегі бесінші сұрақ бойынша әдіскер Б.Қ. Әжімұрат аттестатциядан өтетін педагогтармен таныстырды. Олар:

1. Тәрбиеші Агыбетова Рита есимовна. – педагог-модератор
2. Тәрбиеші Усенова Азира Бейсембековна – педагог модератор
3. Тәрбиеші Сатыбаева алуа Нурлановна - педагог модератор
4. Тәрбиеші Алиханова Ақдидар Бақтиярқызы – педагог-модератор
5. Тәрбиеші Таупекова Назра Таймасовна – педогог-модератор

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған барлық жоспарларды бекіту.

Мерзімі: қыркүйек 2024 ж.
Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

2. Оқу – тәрбие жұмысын жоспарлауда ЖМББС мен ҮОБ өзгерістерді ескерілді.

Мерзімі: қыркүйек 2024ж.
Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

3. Балалардың жеке бақылауды электронды түрде толтыру.

Мерзімі: 2024-20258 о.ж..
Жауапты: әдіскер,тәрбиешілер, мамандар

4. Жас маман мектебінің жұмысын жалғастыру.

Мерзімі: 2024-2025 о.ж..
Жауапты: тәлімгерлер

5. 2023-2024 о.ж арналған аттестатциядан өтетін педагогтардың тізімін бекіту.

Мерзімі: қыркүйек 2024-2025 о.ж..
Жауапты: әдіскерлер

Төрайым: Б.Қ. Әжімұрат

Хатшы: Г.Б. Кулынтаева

№2 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

«13» желтоқсан 2024 жыл
Қатысқандар: 18 педагог

Күн тәртібінде:

1.Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған оқу жоспарымен таныстыру.

Әдіскер: Б.Қ. Әжімұрат

2. Адамгершілік-ұлтжандылық тәрбиесіне арналған «Мәңгілік ел» бағдарламаны оқып-үйрену, оны таратуға дайындау.

Әдіскер: Б.Қ. Әжімұрат

3.№2 Аттесттау комиссиясының отырысы

Аттестаттау комиссиясының мүшелері

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша әдіскер М.Р. Жаналиева сөз алып, қазіргі заманда арнайы мектепке дейінгі мекемеде оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастыруда арнайы бағдарламаның болмауы өте қиын. Былтырғы оқу жылының ортасынан ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 2018 жылғы 29 желтоқсан №721 бұйрығының 3-қосымшаға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар «көру қабілеті бұзылған) балаларға арналған бағдарламасы шықты. Сонымен бәрін таныстырып, әр топқа жас ерекшелігіне сай кітапша ретінде шығарылып берілді.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша әдіскер Б.Қ. Әжімұрат ғылыми-техникалық прогрестің өсуі, жаңа жаңалықтар мен техникалық өнертабыстар рухани құндылықтарды екінші жоспарға жылжытқанын атап өтті. Өсіп келе жатқан ұрпақтың кіші отанына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу мәселелері көптеген жылдар бойы ғалымдар мен практиктердің көзқарасы тыс қалды. "Білім туралы" ҚР Заңы қолданысқа енгізілгеннен кейін білім беру жүйесін дамытуда елеулі өзгерістер болды. Бұл білім беру мазмұнының өзгеруіне әкеп соқты. Мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық және аймақтық мәдени мұрамен және елдің тарихымен таныстыру басым бағыттардың бірі болды. Одан әрі әдіскер "Мәңгілік ел"адамгершілік-патриоттық тәрбие беру бағдарламасын жалғастыруды ұсынды.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша аттестатталатын педагогтардың отырысы өтті. Аттестатталатын педагогтар өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша тұсаукесері-мен бөлісті.

Педагогикалық тәжірибесімен бөлісіп, «Педагогтың электронды портфолиосының презентациясын» көрсетті.

Шешім:

1. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған бағдарламамен жұмыс жасау.

Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, мамандар, тәрбиешілер

2. Адамгершілік –ұлтжандылық «Мәңгілік ел» бағдарламасымен жұмысты жалғастыру..

Мерзімі: үнемі
Жауапты: әдіскерлер

3. Аттестатциядан өтетін педагогтарға **әдәскер** Б.Қ. Әжімұрат **пен тәлімгер Г.А. Азизова** педагогикалық тәжірибенің мақсатын нақтылау және ашық оқу қызметтеріне дайындалу.

Мерзімі: желтоқсан-қаңтар 2024-2025 оқу жылы
Жауапты: аттестатталатын педагогтар

Төрайым: Ж.К. Махметова
Хатшы: Т.Б. Кулынтаева

№3 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

«09» ақпан 2025 жыл
Қатысқандар: 18 педагог

Күн тәртібінде:

1.МДБ дамытуға арналған АКТ-ны қолданудың жаңа әдістемеліктері туралы ақпарат дайындау.

Жауапты: әдіскер Б.Қ. Әжімұрат

2.Жыл аяғына дейінгі жоспарланған оқу қызметі, қойылымдардың сценарийлерін жазу және талқылау. Разработка и обсуждение сценариев, тематических развлечений, намеченных провести до конца учебного года.

Жауапты: әдіскер Б.Қ. Әжімұрат

3.Аттестатциядан өтетін педагогтардың жұмыс тәжірибесімен танысу.
№3 аттестаттау комиссиясының отырысы.
аттестационной комиссии

Жауапты: Аттестаттау комиссиясының мүшелері

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша әдіскер Б.Қ. Әжімұрат сөз алды.

АКТ пайдалану жолдары

ҰОҚ ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік береді.

ҰОҚ ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану төмендегідей нәтиже беруде:

- Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

1. Интерактивті тақта;
2. Бағдарламалар;
3. Интернет кеңістігі;
4. Электронды оқулық.

Интерактивті тақта – дегеніміз не?

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Бүгінгі күні бірнеше ИТ түрлері бар. Олардың ішінде білім саласында қолданып жүргендеріне қысқаша шолу жасайық.

ACTIVboard (Promethean компаниясы) - ACTIVstudio бағдарламасы арқылы іске қосылады. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан тұрады.

Активті қалам – дегеніміз не?


Активті қалам – бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрылғы.

ACTIVstudio бағдарламасы

ACTIVstudio PE бағдарламасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ барысында қолдануға негізделген бағдарлама. Бұл бағдарлама ACTIVboard және ACTIVpen қаламымен жұмыс жасау үшін жасақталған. ACTIVstudio бағдарламасының мүмкіндіктері өте көп. Атап айтқанда, презентацияларды құруға, өткізуге, материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды енгізуге және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар.

Флипчарт

Флипчарт – бұл бірнеше қажетті беттерден тұратын негізгі жұмыс аймағы. Бұл аймақта презентацияны құруға және оны көрсетуге қажетті құралдардың барлығы көрсетіледі. Бірнеше флипчарттарды бірден ашып, бір флипчарттан келесі флипчартқа, объектілерге сілтемелер қоюға немесе объектілерді бір мезетте келесі бетке көшіруге болады. Флипчартты басу құрылғысынан шығаруға немесе әр түрлі форматтарда экспорттауға болады.



Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша, балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес жоспарланған ертеңгіліктер мен ойын –сауықтардың сценарийлерін жазу.

Ісшараларды жоспарланған кестеге сәйкес өткізу. «Ұлы Жеңістің жаңғыры» - челлендж ұйымдастыру, оған балаларды дайындау «Ақбота» тобы, 22.02.2024

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша педагогтардың шығармашылық жұмыстарын көрсетті.

Шешім:

1. Педагогтар өз бетінше АКТ туралы білімдерін жетілдіру.
   Жауапты: тәрбиешілер, мамандар

2. Ісшараларды жоспарланған кестеге сәйкес өткізу. «Ұлы Жеңістің жаңғыры» - челлендж ұйымдастыру, оған балаларды дайындау «Ақбота» тобы, 22.02.2024
   Жауапты: тәрбиешілер мамандар, Мардакова Б.Ж.

3. Педагогтар өз тәжірибесін жинақтап, әрі қарай эксперттік сараптамадан өтуге дайындау
   Жауапты: аттестатциядан өтетін педагогтар

Төрайым: Ж.К. Махметова

Секретарь: Ә.Қ. Әжімұрат

№4 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

«10» сәуір 2025 жыл
Қатысқандар: 16 педагог

Күн тәртібінде:

1. Білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттердің эстетикалық талаптарға сай болуына жүргізілген сараптама.
2. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің тәжірибелерін жинақтау және жүйелеу жұмыстарына жүргізілген сараптама.

1.Бірінші мәселе бойынша әдіскер Б. Әжімұрат сөз сөйлеп, білім беру салалары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны мен ұйымдастырылуына жүргізілген сараптама нәтижелерімен таныстырды.

Сараптама барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттердің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, оқу материалдарының мазмұны, көрнекі құралдардың сапасы, дидактикалық материалдардың безендірілуі, оқу ортасының эстетикалық талаптарға сай болуы және педагогтердің шығармашылық ізденістері қарастырылды.

Сонымен қатар балалардың қызығушылығын арттыруға, олардың танымдық белсенділігін дамытуға және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің қолданылуына назар аударылды.

Сараптама нәтижесінде ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу барысында эстетикалық талаптарды сақтау, көрнекі материалдарды тиімді пайдалану және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру қажеттігі атап өтілді.

2.Екінші мәселе бойынша әдіскер Б. Әжімұрат аттестаттаудан өтетін педагогтердің кәсіби тәжірибелерін жинақтау және жүйелеу жұмыстарының барысы туралы баяндады.

Педагогтердің кәсіби жетістіктері, авторлық материалдары, әдістемелік әзірлемелері, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, дидактикалық құралдары, шығармашылық жұмыстары және білім беру үдерісінде қолданатын тиімді әдіс-тәсілдері сарапталды.

Сонымен қатар аттестаттауға қажетті құжаттардың талаптарға сәйкестігі, педагогтердің тәжірибесін жинақтау сапасы, кәсіби даму нәтижелерінің көрсетілуі және әдістемелік материалдардың жүйеленуі мәселелері қарастырылды.

Сараптама барысында педагогтердің тәжірибелерін бірізді жүйеге келтіру, нәтижелі жұмыс түрлерін анықтау және озық педагогикалық тәжірибені тарату қажеттігі айтылды.

Шешімі:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны мен безендірілуінің эстетикалық талаптарға сәйкестігі тұрақты назарда ұсталсын. Педагогтерге балалардың жас ерекшеліктеріне сай көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды тиімді пайдалану ұсынылсын.
2. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің кәсіби тәжірибелерін жинақтау және жүйелеу жұмыстары жалғастырылсын. Аттестаттауға қажетті материалдардың толықтығы мен сапасына қосымша сараптама жүргізілсін. Педагогтерге әдістемелік көмек көрсетіліп, анықталған кемшіліктерді түзету бойынша ұсыныстар берілсін. Аттестаттауға дайындық жұмыстарының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Кеңес төрайымы Б.Қ. Әжімұрат
Хатшы Т.Б. Кулынтаева